

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы  
негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары  
Музыка жетекшісі: Утегенова Г.Ж**

Білім беру ұйымы № 41 «Назерке» бөбекжай балабақшасы  
Топ/сынып « Күншуақ» ересек тобы  
Балалардың жасы 4 жастан бастап  
Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) қыркүйек айы 2024 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Музыка <i>Аптасына 2 сағат</i>	<p>Музыка тыңдау.</p> <p>-Музыка тыңдауда шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету;</p> <p>Ән айту.</p> <p>-Ән айтуда дауспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру;</p> <p>Музыкалық –ырғақты қимыл.</p> <p>-Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен, музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу;</p> <p>Аспапта ойнау.</p> <p>-Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету.</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Музыка <i>Аптасына 2 сағат</i>	<p>Музыка тыңдау.</p> <p>-Музыка тыңдау арқылы музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айта білу;</p> <p>Ән айту.</p> <p>-Ән айту дағдыларын қалыптастыру, әуенін тыңдап айтуға үйрету;</p> <p>Музыкалық –ырғақты қимыл.</p> <p>-Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру;</p> <p>Аспапта ойнау.</p> <p>-Балалар музыкалық аспаптарында шығармашылықтарын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке, ырғақ соғудағы ептілікке баулу.</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Музыка <i>Аптасына 2 сағат</i>	<p>Музыка тыңдау.</p> <p>-Музыка тыңдау кезінде музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру;</p> <p>Ән айту.</p> <p>-Ән айтуда бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонында жеңіл дауыспен ән айту;</p> <p>Музыкалық –ырғақты қимыл.</p> <p>-Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу, би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау;</p> <p>Аспапта ойнау.</p> <p>-Шулы аспаптар тобымен және ол аспаптардың ойналу жолымен таныстыру, ырғақтар соғуда қолдану.</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Музыка <i>Аптасына 2 сағат</i>	<p>Музыка тыңдау.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Музыка тыңдау арқылы шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету;</li> <li>Ән айту.</li> <li>-Ән айтуда, ән айтар алдында және фразалар арасында тыныс алу, сөздерді анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту;</li> <li>Музыкалық –ырғақты қимыл.</li> <li>-Би билеу кезінде қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерте білу;</li> <li>Аспапта ойнау.</li> <li>-Металлофон және ксилофон аспаптарымен жақынырақ танысу, аспаптарда қарапайым ырғақтар соғып ойнау, үнін есте сақтау.</li> </ul>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Музыка <i>Аптасына 2 сағат</i>	<p>Музыка тыңдау.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Музыка тыңдау арқылы шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану, музыканы есте сақтауды жетілдіру;</li> <li>Ән айту.</li> <li>-Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту;</li> <li>Музыкалық –ырғақты қимыл.</li> <li>-Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару;</li> <li>Аспапта ойнау.</li> <li>-Дауылпаз және барабан аспабының ойналу ерекшеліктерімен танысу, ұрмалы аспаптарда ырғақтар соғу тәілдерін үйрену.</li> </ul>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Музыка	<p>Музыка тыңдау.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-Музыка тыңдауда өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерімен таныстыру;</li> <li>Ән айту.</li> <li>-Әртүрлі сипаттағы әндерді өз беттерінше және шығармашылықпен орындауға баулу;</li> <li>Музыкалық –ырғақты қимыл.</li> <li>-Би билеу арықылы , музыкалық ырғақты қимылдармен мәтінге сәйкес әнді сахналау, шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру;</li> <li>Аспапта ойнау.</li> <li>-Сазсырнай және сыбызғы аспаптарының ойналу, жасалау ерекшеліктерімен танысу, үрмелі аспаптарда ойнау тәсілдерін үйрену.</li> </ul>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Музыка	<p>Музыка тыңдау.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазының, Қорқыттың, Тәттімбеттің, Дина Нұрпейісованың, Дәулеткерей Шығайұлының, Ықылас Дүкенұлының шығармаларымен таныстыру;</li> <li>Ән айту.</li> <li>-Әнді орындауда музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру;</li> <li>Музыкалық –ырғақты қимыл.</li> <li>-Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, «Қаражорға» биін билету;</li> <li>Аспапта ойнау.</li> <li>-Домбыра аспабында ойнаудың, шертудің қарапайым тәсілдерін үйрену, ұлттық музыкалық аспаптардың үнін қабылдау, танып білу.</li> </ul>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	Музыка	<p>Музыка тыңдау.</p> <p>-Лирикалық, вальс ырғағындағы байсалды, баяу әуендерді қабылдау, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу</p> <p>Ән айту.</p> <p>-Ән айтудың негізгі ережелерін есте ұстау, әннің сипатын, көңіл-күйін сезініп орындау;</p> <p>Музыкалық –ырғақты қимыл.</p> <p>-Қазақтың ұлттық би қимылдарын жетілдіру, би қимылдарының ерекшеліктерін түсіну, жасап үйрену;</p> <p>Аспапта ойнау.</p> <p>-Қоңырау, бубен, маракас, асатаяқ аспаптарында ойнаудың тәсілдерін үйрену, сілкімелі аспаптармен ырғақтар соғу.</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Музыка	<p>Музыка тыңдау.</p> <p>-Музыка тыңдауда классикалық, халықтық және заманауи музыканы салыстыру, ажырата білу, музыка мәдениетін қалыптастыру;</p> <p>Ән айту.</p> <p>-Таныс әндерді еркін орындау, әннің аттарын, сөздері мен әуенін есте ұстау;</p> <p>Музыкалық –ырғақты қимыл.</p> <p>-Музыканың ырғағына, сөзіне сәйкес ойдан би қимылдарын шығарып би билеу, би билеуде жеңіл әрі еркін қимылдау;</p> <p>Аспапта ойнау.</p> <p>-Балалар музыкалық аспаптарын, шулы аспаптарды, қазақ ұлттық музыкалық аспаптарының ойналуын, үнін, атауын есте ұстау.</p>
<b>Нормативтік жүктеме</b>		<p>Аптасына 2 сағат</p> <p>Айына 8 сағат</p> <p><b>Барлығы 72 сағат</b></p>